

Байланыс саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 998 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 513 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 513 (колданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Байланыс саласындағы қызметті лицензиялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) байланыс саласындағы қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік және қосымша (арнайы) талаптар;
- 2) байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру шарттары;
- 3) Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алу үшін конкурстар өткізу ережесі;
- 4) байланыс саласындағы лицензиялауға жататын қызметтер тізбесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

29

қыркүйектегі

N

998

қаулысымен

бекітілген

Байланыс саласындағы қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік және қосымша (арнайы) талаптар

1. Өтініш беруші сай болуы тиіс байланыс саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мыналардың:

1) штатында инженерлік-техникалық қызметкерлер - байланыс және ақпараттық технологиялар саласында бейіні бойынша тиісті жоғары немесе орта арнайы білімі бар жауапты орындаушылардың, сондай-ақ біліктілігіне сәйкес үш

жылдан кем емес жұмыс стажының;

2) бақылау-өлшеу және сынау жұмыстарын жүргізу үшін метрологиялық базаның (тиісті шарт болған жағдайда жеке меншік құқығында өтініш берушіге не өзге жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі);

3) өтініш берушінің лицензияны алған сәттен бастап қызметтерді ұсынудың басталуы көрсетілген бизнес-жоспарының болуын қамтиды.

2. Қосымша (арнайы) талаптар лицензия сұратылып отырған қызмет түрі бойынша түсіндірме жазба түрінде ресімделеді.

Түсіндірме жазба өтініш берушінің жалпы сипаттамасынан (атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, негізгі қызмет түрлері, шағын кәсіпкерлік субъектілерге тиесілілігі туралы ақпарат, мәлімделетін байланыс қызметтері саласындағы тәжірибесі және бұрынғы қызметтің ауқымы), техникалық ұсыныстардан тұруы және пайдаланушыларға байланыс қызметтерін ұсыну бойынша лицензиаттың қызметін ұйымдастыру туралы толық және айқын көрініс беруі тиіс.

Техникалық ұсыныстардың құрамы мен мазмұны:

- 1) құрылатын желінің атауы;
- 2) құру және/немесе даму кезеңдері бойынша және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне байланыстыра отырып, қызметтер ұсынылатын аумақ;
- 3) ұсынылатын қызметтерге сұранысты бағалау, осы қызметтердің бәсекелестік қабілетін болжау;
- 4) лицензияланатын қызмет түрін, қызметтер ұсынуды сапалы және қауіпсіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес келуі;
- 5) техникалық құралдарды иелену, пайдалану, оларға билік ету құқығы (меншік не жалға алу құқығымен);
- 6) қызметтерді тұтынушылармен өзара қарым-қатынастар бойынша дербестік дәрежесі (өз бетінше жүзеге асырылады немесе делдалдар "қызметтерді жеткізушілер" қажет болады);
- 7) негізгі техникалық шешімдер:
желі сыйымдылығы, оның ішінде құру және/немесе даму кезеңдері бойынша, күтілетін трафик;
таңдалған жабдық түрлері (коммутациялық, қосатын жолдардағы тарату жүйелері, абоненттік учаскедегі жолдар түрлері, қосарласу аппаратурасы, терминал жабдықтары), өндіруші фирмалар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінде тіркелген сәйкестік сертификаттарының бар болуы;
радиоқұралдарды пайдалану кезінде - жиіліктік меншіктеуді алуды қажет ететін жабдықтар тізбесін келтіру;
жергілікті телефон қосылыстары құнын уақыттық есептеу аппаратурасын,

нөмірді анықтау аппаратурасын пайдалану (жергілікті телефон байланысы үшін);

әкімшілік пункттерге және қажетті түсіндірулері бар желіні құру кезеңдеріне байланыстыра отырып, байланысты ұйымдастыру схемасы;

ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісімен, Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа байланыс желісімен өзара іс-қимылы; станцияаралық қосуларды ұйымдастыру тәсілдері (өтініш берушінің нақты техникалық құралдарды көрсетумен, байланыс желісінің меншікті құралдары арқылы, басқа желілердің жалға алынған арналары арқылы);

өтініш беруші желісінің шетел байланыс желілеріне (халықаралық байланыс үшін) және басқа байланыс операторларының желілеріне шығуын ұйымдастыру тәсілі (ниет туралы хаттамалардың немесе ынтымақтастық мүмкіндігін растайтын басқа құжаттардың көшірмелері қоса берілсін);

шетелдік әріптестердің желілерімен байланыс ұйымдастыру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар, өзара іс-қимыл жасайтын әріптестердің желілері арқылы үшінші елдерге транзит мүмкіндігі;

жергілікті, қалааралық және халықаралық кіру және шығу байланысын ұйымдастыру кезінде нөмірлеу көрсетілген нөмірлеу жоспары;

қалааралық және (немесе) аймақішілік кодтарды бөліп беру қажеттілігі;

өтініш беруші желісінде бір абонентке жоспарланатын жүктеме;

ұжымдық пайдалану пункттері мен таксофондарды пайдалану;

тұтынушыларға кепілдік беретін ұсынылатын қызметтердің желі жұмысының сапалы көрсеткіштері, (қосуды күту уақыты, ең үлкен жүктеме сағаттарында қабылдамау пайызы, зақымдануды жоюдың орташа уақыты және т.б.);

басқару және пайдалану жүйесін ұйымдастыру қағидаттары;

трафикті есептеу жүйесі (бұдан әрі - биллинг);

8) деректерді беру қызметтерін ұсынуға өтініш тапсыру кезінде мыналарды қ о с ы м ш а к ө р с е т у қ а ж е т :

желінің түрі (жүйелер, мысалы, хабарламаны коммутациялау арқылы, деректерді пакеттік коммутациялаумен жеткізу, компьютерлік желілердің түрлері), стандарттар мен хаттамалардың пайдаланылатын жүйесі;

ұсынылатын негізгі және қосымша қызметтер тізбесі, әрбір қызметті сипаттау , олардың отандық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігі, пайдаланушыларға кепілдік беретін ұсынылатын қызметтердің сапалық к ө р с е т к і ш т е р і ;

тұтынушылардың техникалық және бағдарламалық құралдарды қоса алғанда, терминалдық жабдықтарының түрлері және оларды пайдалану шарттары;

терминалдық жабдықтарды ұсынуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, қызметтерді кешенді ұсыну мүмкіндігі, оны желіге (

жүйеге) қосуға қажетті байланыс арналарын ұйымдастыру, пайдаланушыларды о қ ы т у ;

9) радиотелефонды байланыс жүйелерін және/немесе желілерін ұйымдастыру бойынша техникалық ұсыныстарда мыналар қажет:

таңдалған стандартты, жиіліктер диапазонын, жабдықтар түрін көрсету, тарату жабдығының дәл орнатылған орындарын, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісімен қосарласуды ұйымдастыру тәсілдерін көрсету;

жиілік арналарының қажетті санының есептемесін келтіру. Құрылатын желіні ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қосу ниеті болған жағдайда осы біліктілік талаптарының 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес негізгі техникалық шешімдер жазылады;

10) барлық радиожабдықтарға оны қолдану саласына (телекоммуникация желілері, радиобайланыс) қарамастан, мыналар беріледі:

радиоэлектронды құралдардың тактілік-техникалық мәліметтері;
радиотаратқыштардың сипаттамалары, сәуле тарататын дабылдардың с и п а т т а м а л а р ы ;

радиоқабылдағыштардың сипаттамалары;

антенналардың сипаттамалары;

11) жерсеріктік байланыс жүйелерін құру немесе әкімшілік пункттер арасында арналарды ұйымдастыру үшін жерсеріктік байланыстың жердегі станцияларын пайдалану кезінде мынадай деректер берілуі мүмкін:

пайдаланылатын жасанды жер серіктерінің (бұдан әрі - ЖЖС) мақсаты, орналасуы және тиесілігі (елі), олардың түрлері және тұру нүктелері, қызмет к ө р с е т у а й м а ғ ы ;

құрылатын жүйенің ЖЖС жүктеу мөлшері және даму кезеңдері бойынша ж ү к т е м е н і ң ө с у і ;

жоғары және төмен сызықтарында жиіліктердің аясы, модульдеу түрлері, тығыздау және станцияаралық қол жетімділік;

байланыс жүйесіне кіретін жер станцияларының түрлері, өндіруші фирмалар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінде тіркелген сәйкестік сертификаттарының бар болуы;

жүйенің энергетикалық параметрлері;

жер үстіндегі байланыс желілерімен қосарласуы;

нақты уақыт ауқымында желінің техникалық жай-күйін бақылауды қамтамасыз ететін есептеуіш жабдықтан және абоненттік станциялардың жүйелері мен порттары (бұдан әрі - желіні басқару орталығы) параметрлерінің жедел өзгерісінен тұратын аппараттық-бағдарламалық кешен және пайдалануға қосудың бағдарлы мезгілі көрсетілетін Қазақстан Республикасының аумағындағы биллинг жүйесі бойынша;

12) бөлінген байланыс желілері арқылы телекоммуникация қызметтерін ұсынуға лицензия алу туралы өтініш беру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында желіні басқару орталығын және биллинг жүйесін орнату туралы жазбаша міндеттемелер қосымша беріледі. Мұндай желілер арқылы қызметтерді коммерциялық ұсынуға байланыс саласындағы уәкілетті орган көрсетілген жабдық орнатылғаннан кейін ғана рұқсат етеді;

13) почта байланысы бойынша мыналарды көрсету қажет: пайдаланылатын көлік құралдарын көрсетіп, почта жөнелтімдерін қабылдап алудан тапсырып беруге дейінгі жіберу тәртібі;

халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік тексеруге беру тәртібі.

Қызметтерді ұсыну жөніндегі барлық қызмет түрлеріне өтініш беруші:

байланыс қызметтері ұсынылатын пайдаланушылардың санаттарын (барлық жеке және заңды тұлғалар немесе пайдаланушылардың шектелген санаттары), сондай-ақ кепілді мерзімдер мен тиісті сапада қызметтерді ұсыну бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін пайдаланушылар алдындағы өз жауапкершілігін көрсетуге;

қоғамдық орындарда қызметтерді ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметтерге мүгедектердің кедергісіз қол жеткізуін көздеуге тиіс.

Түсіндірме жазба қажетті схемаларды, кестелерді, графиктерді қоса беру арқылы машинкада басылған мәтінді екі данада ресімделеді. Түсіндірме жазбаның мәтіні мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 755 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 қыркүйектегі

N 998 қаулысымен

бекітілген

Байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру шарттары

Осы байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру шарттары Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі және "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңдарына сәйкес әзірленген.

1. Лицензиялар беру шарттары

1. Байланыс саласындағы қызметті лицензиялау почта байланысы және телекоммуникациялар қызметтерін ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Әрбір қызмет түріне жеке лицензия беріледі.

Лицензия, лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада жазылған талаптар мен шарттарды сақтай отырып, көрсетілген мақсатқа сәйкес белгілі бір аумақтық шекараларда оның иесінің байланыс саласындағы қызметте жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Берілетін лицензиялар санын қызмет көрсету (қызмет) түрлеріне қарай байланыс саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - лицензиар) белгілейді. Саны бойынша шектеулер радиожилік спектрі (бұдан әрі - РЖС), қалааралық/халықаралық телефон байланысы кодтарының жеткіліксіздігіне байланысты б о л у ы м ү м к і н .

3. Лицензияларға байланыс саласындағы уәкілетті органның басшысы немесе , ол жоқ болғанда, оны алмастыратын тұлға қол қояды.

4. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін ставкалар, лицензиялық алымды есептеу және бюджетке төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

5. РЖС пайдалану арқылы байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде лицензиат қызметті жүзеге асыруға берілетін лицензиядан басқа, лицензияның ажырамас қосымшасы болып табылатын РЖС пайдалануға рұқсат а л у ғ а м і н д е т т і .

Нақты жиіліктерді белгілеу (меншіктеу) байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

РЖС пайдалануға байланысты төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алынады.

6. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар жалпы шарттарда біліктілік деңгейі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын талаптарға сай келетін жеке және заңды тұлғаларға немесе, егер қызметтің бұл түріне лицензиялар тек конкурстық негізде берілетін болса, конкурстық негізде б е р і л е д і .

Радиожиліктер белдеуін және нөмірлеу ресурсын пайдалану арқылы қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиялар конкурстық негізде мынадай жағдайларда беріледі, егер:

1) радиожилік спектрінің байланыс қызметтерін көрсету үшін қол жетімді тиісті сапа деңгейіндегі радиожилік спектрі көлемінің жеткіліксіз болуына байланысты белгілі бір аумақта әрекет ететін байланыс операторларының ықтимал саны бойынша Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы шектеу қоюды ұсынатын ауқымда радиожиліктерді пайдалану арқылы байланыс қызметі көрсетілсе;

2) белгілі бір географиялық аумақтағы жалпы пайдаланылатын телекоммуникация желісі желілік қол жетімділіктің шектеулі ресурстарына ие болса, осыған байланысты байланыс саласындағы уәкілетті орган осы аумақта

әрекет ететін байланыс операторларының ықтимал саны бойынша шектеулер белгілейді.

Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алу және Қазақстан Республикасында радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсаттар алу үшін конкурстар өткізу шарттары Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алу үшін конкурстар өткізу ережесіне сәйкес анықталады.

Конкурста тек бір ғана өтініш түскен жағдайда лицензия жария етілген конкурс шарттарымен берілуі мүмкін.

7. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс қызметтерін ұсынуға лицензия алу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісінің қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын белгілеу бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) өлшемдеріне оның сәйкестігін растайтын құжаттарын тапсыруы тиіс.

8. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру үшін өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды лицензиар алқада (арнайы құрылған лицензиялық комиссияда) өтініш тіркелген күннен бастап бір ай ішінде қарайды, осыдан кейін өтініш берушіге лицензия немесе лицензия беруден жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Лицензиялық комиссияның жұмыс регламенті мен оның құрамын лицензиар бекітеді. Комиссия мүшелерінің саны 3 адамнан кем болмауы тиіс.

Жалпы тәртіппен қаралатын РЖС пайдалануға байланысты қызмет түріне өтініш беру жағдайларын қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін құжаттарды қарау және лицензия беру өтініш тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде жүргізіледі.

9. Қажет болған жағдайда өтініш материалдарына техникалық сараптама немесе оны басқа мүдделі тараптармен келісу жүргізілуі мүмкін.

Егер олардың құзыреттілігі немесе объективтілігі жөнінде күмәні болса, өтініш беруші өтініш материалдарына техникалық сараптама жүргізу үшін лицензиар тағайындаған ұйымнан (немесе нақты мамандардан) бас тартуға және басқаларды тартуға ұсыныс жасауға құқылы.

10. Субъектінің (өтініш берушінің) біліктілік деңгейіне сәйкестігі белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды, жеке тұлғалар жүргізетін тәуелсіз сараптама бағалауы негізінде анықталуы мүмкін.

11. Лицензиялық комиссия лицензия беру не лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылдағаннан кейін өтініш берушіге мұндай шешім қабылданғаны туралы бір апта мерзімде жазбаша түрде хабарланады.

12. Лицензия лицензиар өз құзыреті шегінде белгілейтін лицензия қолданысының бірнеше міндетті шарттарын, атап айтқанда:

1) лицензиаттың техникалық құралдарына жиіліктік меншіктеуді бекіту (радиожілік спектрін пайдалануға және радиоэлектронды құралдарды пайдалануға рұқсаттар алу) тәртібін;

2) лицензиат желісінің ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қосылу деңгейін, басқа лицензиаттардың немесе басқа мемлекеттердің байланыс желілеріне қосылу тәртібін;

3) қалааралық және халықаралық телефон трафигін өткізу, телефондық кодтарды, нөмірлеуді пайдалану тәртібін;

4) ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарды;

5) пайдаланылатын стандарттардың атауын;

6) жабдықтың құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ететін сертификатталған аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдардың болуы туралы талапты;

7) лицензиаттың мәртебесін жыл сайын растау тәртібін;

8) абоненттер туралы қызметтік ақпаратты міндетті электрондық есепке алуды жүргізу туралы талапты;

9) аппараттық-бағдарламалық құралдарды алыстан қосу мүмкіндігі бар, бірыңғай файлдар нысанындағы абоненттің шығу мен кіру қосылыстары туралы қызметтік ақпаратты сақтаудың ұзақ, бір жылға дейін, бірыңғай электрондық деректер банкінің болғаны туралы талапты қамтиды.

Лицензияда қызмет түріне қарай лицензияның қолданылуына міндетті басқа да шарттар болуы мүмкін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 755 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

13. Лицензиар лицензияның қолданылу шарттарына ұлттық қауіпсіздік мүддесінен, жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуден, сондай-ақ телекоммуникация желілеріне жаңа стандарттарды, нормаларды және пайдалану ережелерін енгізуден туындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда өзгерістер енгізеді. Лицензиар бұл өзгерістердің қолданысқа енгізілу мерзімі және қажет болған жағдайда, жаңа шарттарды іске асыру тәртібі туралы лицензиатқа хабарлайды.

Лицензияның қолданылу шарттарына енгізілген өзгерістерге байланыс саласындағы уәкілетті органның басшысы немесе, ол жоқ болған жағдайда, оны алмастыратын тұлға қол қояды.

14. Заңды және/немесе почталық мекен-жайы өзгерген кезде, филиалдар ашылғанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе ол жойылғанда, лицензиат ол туралы бір апта мерзімде лицензиарды жазбаша түрде хабардар етеді.

Лицензиат жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қосып, ол туралы бір ай мерзімде лицензиарға жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 755 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

15. Лицензиат заңды тұлғаның атауы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі), мекен-жайы (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды және лицензиардың аумақтық органының лицензиаттың лицензиялық қызметін тексергені туралы техникалық қорытындысын қосып лицензияны қайта ресімдеу туралы бір ай ішінде өтініш беруге міндетті.

16. Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і .

17. Лицензиат лицензия берілген күннен бастап бір айдың ішінде оны өзінің қызмет орны бойынша лицензиардың аумақтық органдарында тіркеуі тиіс. Егер лицензияның қолданылуы республиканың барлық аумағына немесе бірнеше облыстарға тарайтын болса, лицензиаттың лицензияны өзінің қызметін жүзеге асыратын облыстардағы лицензиардың аумақтық органдарында тіркеуі тиіс.

2. Лицензияның қолданылу шарттарының сақталуын бақылау

18. Лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен лицензияның қолданылу шарттарын лицензиаттың сақтауын бақылауды жүзеге асырады. Лицензиаттың қызметін тексеру үшін лицензиаттың келісімі бойынша байланыс саласындағы уәкілетті орган тиісті білім салаларындағы сарапшыларды, мамандарды тарта а л а д ы .

19. Лицензиат мұндай тексерулерді жүргізуге кедергі жасамауы тиіс және қажет болған жағдайда өзінің өлшеуіш аппаратурасына қол жетімділікті оны тексеруге пайдалану мақсатында қамтамасыз етеді.

Тексерулер тұтынушылардың шағымдары бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайларда өткізілуі м ү м к і н .

20. Белгіленген лицензиялық талаптар мен лицензияның қолданылу шарттарын сақтамағаны үшін лицензиат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алу үшін конкурстар өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алу үшін конкурстар өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алуға арналған конкурстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

2. Конкурсты өткізу туралы шешімді, радиожилік спектрі (бұдан әрі - РЖС) пайдаланылған жағдайда - Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, байланыс саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін құрамын байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітетін конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауы тиіс.

4. Байланыс саласындағы қызметтің қандай да бір түріне лицензияларды және тиісті рұқсаттарды конкурстық негізде беру туралы шешімдер заңнамада көзделген тәртіппен, сондай-ақ бір аймақта дәл сол қызмет түрін жүргізуге бірнеше үміткерлер бар болса, осы аймақта радиожиліктер ресурстары мен желіге қол жеткізу шектеле отырып қабылданады.

2. Конкурстық комиссияның қызметі

5. Конкурстық комиссияның құрамына лицензиардың, Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының өкілдерінен басқа (РЖС пайдаланылған жағдайда), қызмет түріне және лицензияның қолданысы тарайтын аумаққа байланысты тәуелсіз сарапшылар, басқа мамандар, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

6. Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырады, өткізеді және лицензияны және/немесе рұқсатты ресімдеу үшін негіз болып табылатын хаттаманы лицензиарға береді.

7. Комиссияның қызметі соңғы шешімді қабылдаудың жариялылығы, алқалылығы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Конкурстың өтінімдік қуаттарын қарау және шешім қабылдау кезінде толық құпиялылық қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Комиссия конкурстық комиссияға ұсынылған кез келген ұсынысты қабылдамауға құқылы, егер:

- 1) өтініш беруші өтірік мәліметтер ұсынса;
- 2) өтінім материалдары конкурстық комиссия белгілеген талаптарға сәйкес болмаса;
- 3) заңнамалық кесімдерде осы санаттағы субъектілерге белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынса;
- 4) өтініш берушіге қатысты соттың оған осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі болса.

10. Комиссия өтініш берушілерді отырыстарға шақыруға, сондай-ақ өтініш берушілерден, егер бұл соңғы шешімді қабылдау үшін қажет болса, қосымша мәліметтер сұрауға құқылы.

3. Конкурсты ұйымдастыру

11. Лицензиар конкурсты өткізу туралы ақпаратты республикалық мерзімді басылымда жариялайды.

12. Комиссия мынадай ақпаратты:

- 1) конкурсты өткізу шарттары мен мерзімдерін және осыған байланысты қажетті рәсімдерді;
- 2) конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің мазмұнына қойылатын талаптарды;

3) ықтимал операторлар мен қазіргі бар желілердің, оның ішінде қосылулар үшін өзара есеп айырысу мәселелерін қоса алғанда, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі операторлары арасындағы қатынастарды;

4) желінің көлемі, қызметтер, тарифтердің деңгейлері және басқа да шарттар жөніндегі міндеттемелер алдын ала келісілетін лицензияның жобасын қамтитын конкурстық құжаттаманы дайындайды.

13. Комиссия келіп түсетін өтінімдік материалдарды тіркейді.

14. Өтініш берушілерге өтінімнің тіркелген күні және нөмірі жазбаша хабарланады.

15. Комиссия түскен құжаттарды қарайды және конкурсты өткізу шарттарында белгіленген мерзімде ең жақсы ұсынысты таңдайды.

Біреуден көп ең жақсы ұсынымдар таңдап алынған жағдайда, конкурс аукцион нысанында өткізіледі.

16. Конкурстық комиссияның шешімі отырыста оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі болғанда комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

17. Қорытынды шешім отырыс өткеннен кейін үш күндік мерзімде комиссия отырысының хаттамасымен дәлелденуі және ресімделуі тиіс. Хаттама конкурс жеңімпазына лицензия және/немесе рұқсат беру үшін лицензиарға тапсырылады, оған сондай-ақ хаттаманың көшірмесі де беріледі.

Комиссия отырысының хаттамасына оның барлық мүшелері қол қояды.

18. Конкурстық комиссияға қарауға келіп түскен материалдар қайтаруға жатпайды және лицензиардың меншігінде қалады.

4. Конкурсқа қатысушыларға және өтінімдік материалдарға қойылатын талаптар

19. Конкурсқа қатысуға меншік нысанына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде азаматтық құқық қабілеттілігі бар және меншікті қаражаты немесе конкурсқа ұсынылатын техникалық жобаны немесе ұсынысты жүзеге асыру үшін кредиттер бөлу бойынша банктердің кепілдіктері бар шетелдіктерге де рұқсат етіледі.

20. Конкурстық комиссия ұсынған талаптарға сәйкес өтінімдік материалдар тапсырған және тіркеу нөмірін алған жеке немесе заңды тұлға конкурстық ұсынысқа өтініш беруші деп танылады.

21. Өтінімдік материалдарда мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) өтініш берушінің сипаттамасы - жалпы сипаттамасы, атауы, ұйымдық - құқықтық нысаны;

2) қаржылық мүмкіндіктері - қаржылық менеджмент және құжатты түрде расталған қаржыландыру көздерінің тізбесі;

3) өтініш берушінің техникалық мүмкіндіктері - лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес негізгі техникалық шешімдер егжей-тегжейлі баяндалады. Өтініш беруші қызмет көрсетудің және ұсынылатын қызметтердің қандай сапасына кепілдік беретінін көрсетуі, пайдаланылатын техникалық құралдардың жай-күйі туралы, қызметтер номенклатурасының бүкіл тарифтері туралы ақпарат, статистикалық есеп деректерін беруге өзінің дайындығын растауы, сондай-ақ жабдықтардың техникалық параметрлеріне тексерулер жүргізу кезінде мемлекеттік органдарға кедергі келтірмеуі тиіс;

4) қазіргі бар қызметтерді және күтілетін даму перспективасын ескере отырып, рынокты бағалауы, бұл бағаны алу әдісін(терін) сипаттау, сондай-ақ лицензияның қолданылу мерзімінде мәлімделетін қызметтерге болжанып отырған қажеттілік және перспективалық даму жоспарлары;

5) қамтитын аумақ бойынша бекітумен жылдар бойынша дамуды қоса алғанда, жоспардың негізгі факторлары мен ережелері сипатталған жұмыс жоспары. Өтініш беруші лицензия қолданысының кейінгі жылдарында қатарға қосуға, техникалық қызмет көрсетуге және басқа күрделі салым салуға арналған жалпы шығындарды, сондай-ақ лицензия берілетін мерзімге экономикалық көрсеткіштер бойынша ұсыныстарды бағалау үшін бизнес-жоспарын (күрделі салым салуды, қызметтердің тарифтерін, пайдасын) көрсетуі тиіс;

6) өтініш берушінің пікірінше, комиссияға жобаларды (ұсыныстарды) неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік беретін қосымша кез келген мәліметтер, жобаны (ұсынысты) жаңғыртудың ықтимал жолдары және оларды

іске асыру мерзімдері.

22. Конкурстық комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 қыркүйектегі

№ 998 қаулысымен

бекітілген

Байланыс саласындағы лицензиялауға жататын қызметтер тізбесі

1. Байланыс саласындағы мынадай қызмет түрлері лицензиялауға жатады:

- 1) жергілікті телефон байланысы қызметтерін ұсыну;
- 2) қалааралық телефон байланысы қызметтерін ұсыну;
- 3) халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсыну;
- 4) IP-телефония қызметтерін ұсыну (Интернет - телефония);
- 5) деректер беру қызметтерін ұсыну (оның ішінде Интернет және телеграфты байланыс қызметтері);

б) бөлінген байланыс желілері бойынша телекоммуникация қызметтерін ұсыну;

- 7) жерсеріктік жылжымалы байланыс қызметтерін ұсыну;
- 8) ұялы байланыс қызметтерін ұсыну (стандарт атауын көрсетіп);
- 9) ұтқыр телекоммуникациялық байланыс қызметтерін ұсыну (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефонды, транкингтік және пейджингтік байланыс қызметтері);

10) жеке желілерді ұйымдастыру бойынша қызметтер ұсыну (байланыс арналарын және желі инфрақұрылымының элементтерін жалға беру);

11) почта байланысы қызметтерін ұсыну;

12) желілерді және байланыс жолдарын техникалық пайдалану бойынша қызметтер ұсыну (телекоммуникациялық жабдықтарды, желі инфрақұрылымының элементтерін қоса алғанда).

2. Мынадай қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу талап етілмейді:

1) меншікті не жалға алынған желілік немесе коммутациялық жабдығы жоқ және пайдаланушыларға тиісті лицензиялардың негізінде әрекет ететін басқа байланыс операторларының қызметтерін ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың.

Мұндай тұлғалар мен байланыс операторының арасындағы қатынастар жасалған шарттармен реттеледі, олардың құрылымы лицензиармен келісілуі тиіс. Делдалдар қызметтерді шарт жасасқан байланыс операторының сауда маркасымен ұсынуға міндетті. Бұл ретте тұтынушыларға ұсынылатын

қызметтердің сапасына және лицензияның қолданылу шарттарының орындалуына байланыс операторы жауап береді;

2) өндірісішілік қызметті және технологиялық процестерді, оның ішінде үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсынбай радиожілік спектрін пайдалана отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес - байланыс операторлары ұсынатын байланыс қызметтерін пайдаланбай басқаруға арналған желілерді құру және пайдалану б о й ы н ш а ;

3) байланыс саласындағы қызметпен байланысты емес, жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосылмаған және негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілерін құру және пайдалану (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефондық, транкингітік және пейджингітік байланыс) б о й ы н ш а .

2) және 3) тармақшаларда көзделген жағдайларда жиіліктер, радиожіліктер белдеулерін (радиожіліктік арналарды) пайдалану үшін байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат береді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 755 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 29 қыркүйектегі

N 998 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожілік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 48, 469-құжат).

2. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1322 қаулысына қосымшаның 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 49, 444-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысының 2-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 413-құжат).

4. "Республикалық телекоммуникациялық трафиктің биллинг орталығы (ТТБ-Орталық)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылды 25 қарашадағы N 1787 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 514-515-құжаттар).

5. "Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 1081 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 29, 380-құжат).